

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2013 жылғы 2 желтоқсандағы № 283 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 24 наурыздағы № 21 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Кеден одағының кедендік шекарасында бақылаушы органдардың өзара іс-қимылы жөніндегі консультативтік комитет құру, Кедендік реттеу жөніндегі консультативтік комитет туралы ережеге өзгеріс енгізу және Кеден одағы Комиссиясының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" 2013 жылғы 2 желтоқсандағы № 283 шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В. Христенко

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы 24 наурыздағы
№ 21 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2013 жылғы 2 желтоқсандағы № 283 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Атаудағы "Кеден одағының шекарасында" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың шекарасында" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Кіріспедегі "2011 жылғы 18 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шарттың 19-бабына сәйкес" деген сөздер алып тасталсын.

3. 1-тармақтағы "Кеден одағының" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоса беріліп отырған:

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында бақылаушы органдардың өзара іс-қимылы жөніндегі консультативтік комитет туралы ереже;

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті өкілдері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында бақылаушы органдардың өзара іс-қимылы жөніндегі консультативтік комитеттің құрамына енгізілетін олардың атқарушылық билік органдарының тізбесі бекітілсін."

5. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында бақылаушы органдардың өзара іс-қимылы жөніндегі консультативтік комитет туралы ережеде:

а) атаудағы "Кеден одағының" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында бақылаушы органдардың өзара іс-қимылы жөніндегі консультативтік комитет (бұдан әрі – Комитет) Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Алқасының жанынан құрылады.

Комитет Комиссия Алқасы үшін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында бақылау функцияларын орындайтын және уәкілетті өкілдері Еуразиялық экономикалық комиссияның 2013 жылғы 2 желтоқсандағы № 283 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы бақылаушы органдардың (тиісінше – бақылаушы органдар, мүше мемлекеттер) өзара іс-қимылы жөніндегі консультативтік комитеттің құрамына кіретін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдарының тізбесіне енгізілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдарының өзара іс-қимылы, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарының қозғалысы орындарында (бұдан әрі – қозғалыс орындары) инфрақұрылым мен технологияларды дамыту мәселелері жөніндегі ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асыратын консультативтік орган болып табылады, соның негізінде Комиссия Алқасы өз құзыретінің шегінде шешім қабылдайды.";

в) 10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Комитет өз қызметінде 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.";

г) 11-тармақтағы "Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыратын халықаралық шарттарды және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімдерін" деген сөздер "халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын актілерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

д) 12-тармақтың "и" тармақшасындағы "Кеден одағының" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. Уәкілетті органдары көрсетілген Шешіммен бекітілген Кеден одағының кедендік шекарасында бақылаушы органдардың өзара іс-қимылы жөніндегі консультативтік комитеттің құрамына енгізілетін Кеден одағына және Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдары тізбесінің атауындағы "Кеден одағына және Бірыңғай экономикалық кеңістікке" деген сөздер "Еуразиялық

экономикалық одаққа" деген сөздермен, "Кеден одағының шекарасында" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың шекарасында" деген сөздермен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК